



Каспи.kz-тегі Магазиннің серіктесінің жұмыс сапасының көрсеткіштері

Каспи.kz-тегі Магазиннің серіктесінің жұмыс сапасының көрсеткіштері – бұл сатушының рейтингі мен күші жойылған тапсырыстардың үлесі.

Рейтинг – бұл сатушының жұмыс сапасының көрсеткіші, ол тауарлардың карточкаларында жұлдыздар мен сан түрінде көрсетіледі. Есептеу шкаласы – 0,1 қадаммен 1-ден 5-ке дейін.

Рейтинг соңғы 90 күнде Каспи.kz-тегі Магазинде сатушыдан тауар сатып алған клиенттердің орташа бағасын көрсетеді.

Егер сатып алушы Каспи Жеткізу кезінде тауардың зақымдалғаны туралы хабарласа, пікір есепке алынбайды және жарияланбайды.

Рейтинг 3 жұлдыздан төмен болмауы керек. Ол сатушының соңғы 90 күннің ішінде кемінде 3 бағасы болған кезде есептеле бастайды.

Күші жойылған тапсырыстардың үлесі мына формула бойынша есептеледі:
Күші жойылған тапсырыстар / Барлық тапсырыстар × 100%

Күші жойылған тапсырыстардың үлесінде мына себептермен «Күші жойылды» мәртебесіне өзгерген тапсырыстар ескеріледі:

- тауар жоқ;
- сатушы тапсырысты уақытында жеткізіп үлгермеген;
- сатушы тапсырысты мерзімінде қабылдаған жоқ.

Егер сатып алушы тапсырыстың күшін өзі жойса, ол көрсеткішке әсер етпейді.

Сатушының күші жойылған тапсырыстарының үлесі сатушыда бірінші күші жойылған тапсырыс пайда болғаннан кейін келесі күні есептеле бастайды. Ол тапсырыстың жалпы санының 5%-ынан аспау керек.

Сапа көрсеткіштеріне сәйкессіздік анықталған кездегі шаралар

Соңғы 90 күнгі бұзушылықтар	Шаралар
Бірінші	7 күнге ажырату
Екінші	7 күнге ажырату
Үшінші	Ынтымақтастықты тоқтату немесе белгісіз мерзімге өшіру. <i>Ерекше жағдайларда ғана ынтымақтастықты қалпына келтіруге болады.</i>